

Петропавл қаласында жер учаскелерін меншікке немесе жер пайдалануға беру жөніндегі комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Петропавл қаласында жер учаскелерін меншікке немесе жер пайдалануға беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі мәтін бойынша «Комиссия») жер мәселелерін реттеу мақсатында құрылған қала әкімдігі жанындағы тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырды.

3. Комиссия өз құзырындағы мәселелер бойынша Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделген қорытынды береді.

4. Комиссия төрағасы, төраға орынбасары, қалалық мәслихат депутаттары қатарынан, жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органның, сәулет және қала құрылысы өкілдерінен тұратын 5-10 комиссия мүшелері, жер қатынастары жөніндегі бөлімде штаттық қызмет атқаратын жауапты хатшысы бар құрамда құралады. Қала әкімдігінің қалауы бойынша комиссияның құрамына басқа да тұлғалар енгізілуі мүмкін.

5. Комиссия өз қызметінде жергілікті атқарушы орган-әкімдік алдында жауапты.

6. Комиссияның қызметі заңдылық принциптеріне және өз іс-әрекеті мен қабылданатын шешімдеріне қатысты жауапкершілікке негізделеді.

2. Комиссияның негізгі міндеттері, функциялары және өкілеттігі

8. Жеке және заңды тұлғаларға жер учаскелерін меншікке және жер пайдалануға беру жөніндегі материалдарды қарау комиссияның негізгі міндеті болып табылады.

9. Комиссия мындай функцияларды атқарады:

1) өтініш берушіде басқа жер учаскесі болуын немесе болмауын анықтайды (бақшалыққа, саяжай құрылысына, және қосалқы шаруашылық жүргізуге, жеке тұрғын үй құрылысына);

2) сұралған жер учаскесінде орналасқан мүлікке құқығын куәландыратын құжаттардың болуын анықтайды;

3) қала әкімдігін қарауына жер учаскелерін беру жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындайды;

4) жер учаскесін беру мүмкіндігі туралы, сондай-ақ жер учаскесін беруден бас тарту туралы қорытынды береді.

5) жер учаскесін пайдалану мақсатын өзгерту туралы қорытынды береді;

6) арнайы комиссия қорытындысының нәтижелері бойынша жана жылжымайтын объект салу үшін жер учаскесін беру мүмкіндігі туралы мәселелерді қарайды (жер учаскесін алдын ала таңдау).

10. Комиссия:

1) өз құзыры шегінде мемлекеттік органдардан және олардың лауазымды тұлғаларынан комиссияға жүктелген міндеттерді орындауға қажетті құжаттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

2) қаралатын учаскенің материалдарын келісілу қажет болғанда басқа мемлекеттік органдардың және мекемелердің мамандары мен қызметкерлерін тартуға;

3) жер қатынастарына қатысы бар мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың және ұйымдардың қызметтерін ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге уәкілетті.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру

11. Комиссия төрағасы комиссия жұмысын басқарады және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына толық жауапкершілік атқарады, Комиссияның отырысын жүргізеді, хаттамаларына қол қояды.

12. Комиссия хатшысы Комиссияның жұмысына қатысады, өздеріне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапкершілік атқарады, комиссия отырысына материалдар дайындайды, іс-қағаздарын жүргізеді, Комиссия жаттамаларын жасайды және оларға қол қояды. Комиссия жер учаскелерін беру жөнінде қорытынды шығарғанда, хатшыда дауыс беру құқығы болмайды.

13. Комиссия мүшелері комиссияның жұмысына қатысады, өздеріне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапкершілік атқарады, хаттамаларға қол қояды.

14. Комиссияның отырыстары қажет болуына қарай, келіп түскен өтініштерге байланысты, бірақ кемінде айына бір рет болып тұрады.

15. Комиссия өзінің қорытындыларын отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының жай дауыс беру нәтижелері бойынша шығарады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

16. Комиссияның қорытындылары хаттамамен ресімделеді. Хаттамада мыналар:

комиссияның атауы және жеке құрамы;

комиссия отырысының күні мен орны;

қаралған материалдар кімге қатысты соның фамилиясы, аты, әкесінің аты;

өтініште баяндалған сұраныс;

комиссия қорытындысы қандай жағдаят негізінде қабылданғаны;

комиссиямен қабылданған қорытынды көрсетіледі;

17. Отырыс хаттамасынан жасалған, комиссияның қорытындысы бар үзінді көшірме, отырыс өткен күннен бастап жеті күндік мерзімде өтініш берушіге беріледі,

18. Қаралған материалдар жөніндегі Комиссиямен қабылданған қорытынды қай тұлғаға қатысты қабылданды, сол тұлға ол жөнінде заңнамамен белгіленген мерзімде шағымдануы мүмкін.

Комиссия қорытындысы жөнінде сотқа шағым беру мерзімі және тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

19. Комиссияның жұмыс органы болып жер қатынастары жөнінде бөлім белгіленсін.

20. Егер комиссия құрамының жалпы санының 2/3 қатысып отырса Комиссияның отырысы заңды болып саналады.

21. Комиссия қызметіне бақылауды өзінің отырыстарында Комиссия берген материалды қарау арқылы жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

4. Комиссия материалдарын қарау тәртібі

22. Комиссия жеке және заңды тұлғалардың жер пайдалану құқығын беру мәселесі бойынша қордаухаттарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қарайды. Жер учаскесін беру туралы өтініште мыналар: жер учаскесінің пайдалану мақсаты, оның болжамды мөлшері, орналасқан жері, сұралған пайдалану құқығы, басқа жер учаскесінің болуы (болмауы) көрсетілуге тиіс.

23. Комиссия отырысын дайындау:

Комиссияның қарауына түскен материалдарды уақытылы және дұрыс қарау мақсатында, оларды алдын ала комиссия төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша комиссия төрағасының орынбасары зерделейді.

24. Комиссияның қарауына түскен өтініштері алдын ала зерделеу барысында мыналар:

осы материалдарды қарау оның құзырына жататыны;

комиссия отырысына шақыртылуға немесе қатысуға тиісті тұлғалар анықталады.

25. Материалдарды алдын ала зерделеу нәтижесі бойынша комиссия:

Материалдарды қарауға тағайындай алады және өтініш берушіге немесе оның заңды өкілдеріне, отырысқа қатысуы міндетті деп танылған басқа тұлғаларға отырысының күні мен орны туралы хабар бере алады;

Материалдарды қосымша өңдеуге жібере алады.